

7. План мероприятий к Концепции перехода РК к устойчивому развитию до 2024 года, утвержденного Постановлением Правительства РК №216 от 14.11.2006г.

8. Национальный План по ИУВР и повышению эффективности водопользования РК до 2025 года, утвержденный постановлением Правительства РК №67 от 28.01.2009 г.

\* \* \*

Мақалада ағызынды сулардың тасталу нормаларын бағалайтын қолданыстағы құралдар жүйесі технологиялық тазартулардың экономикалық және экологиялық тиімділігіне баға беруде тасталымдардың тәхнологиялық нормалары көлтірілген және ЗЭРЕ жаңа нормативтерінің мәні ашып көрсетілген.

The article evaluates functioning instruments of the rate fixing system for waste waters discharge, states the essence of new MPIW (Maximum Permissible Impacts on Water Bodies) standard and gives technological rates of discharge with the evaluation of environmental and economic efficiency of treatment technology.

УДК 574:636

## ЖАНУАРЛАР ЭКОЛОГИЯСЫ

Сүлейменова Н.Ш., Ахметов А. А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Адамзат қоғамының табигат пен қарым-қатынасы қазіргі заманнын проблемаларының бірі. Қазіргі кездегі өзекті экологиялық мәселе - табигаттағы қалыптасқан тепе-тендікті бұзбай, миллиардтаған адамдарды жерде қоныстандыру және олардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Бұкіл әлемде адамның ерекше биосфералық қызметі - биосфераны коргау мен сақтарап қалу қызметімен анықталып отыр. Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамудан тиімді, реттелген, табигат пен қоғамының даму зандарына негізделген дамуга өтүі тиіс, тек осы кезде ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзак үақыттық, бірқалыпты жағдайда, табиги және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды.

Жануарлар табигат туындысы. Өсімдіктер тәрізді жануарлар дүниесінің де маңызы зор. Жануарлардың ерекшелігі – олар жер шарында қозғалып, кең таралады. Жануарлар мен құстардың ішінде алыптары да кездеседі.

Дүние жүзінде жан-жануарлардың 1,5 млн.түрі бар деп есептелген. Бірақ жыл сайын ғылымға жаңа түрлер белгілі болып отыр.

Жануарлардың тіршілік үшін қызметі сан алуан. Оларды адам баласы колға үйретіп, езінің материалдық игілігі үшін пайдаланып келеді. Жануарлардың жүні, терісі, еті, сүті ете бағалы. Адам баласы ерте кезден бастап-ақ жабайы ан мен құстарды қолға үйреткен. Колға үйретілген жануарлар мен құстар бүгінге дейін оларға қызмет етіп келеді. Сондықтан адамдар жануарлар экологиясын оқып-үйрене отырып, оларды қорғай да білуі тиіс. Саналы адам бүгінгі күнге дейін жануарларды пайдаланумен бірге олардың кейір түрлерінің жойылуына себепші болып отыр.



Қабылан  
Гепард  
Cheetan

Европа қара күзені  
Европейская норка  
European mink

Орман сусары  
Лесная куница  
Forsetmarten



Тяньшань қоңыр аоы

Тянь-шаньский бурый медведь

Tian-shan bear

Қызыл қасқыр

Красный волк

Asiatic wild dog

Қазақстанда біраз аң мен құстар біржола құрып кетудің аз алдында түр. Олардың қатарына - қар барысы, қызыл қасқыр, арқар, үстірт қойы, тауешкі, қабылан, дала мысығы, қаракүйрық, камшат, көк суыр, қоңыр аю, күзен, сусар, т.б. жатады. Ал құстардан ұлар, дуадақ, безгелдек, санырау құр, акқу, дегелек, қоқиқаз т.б. атауға болады.



Кәдімгі қоқиқаз

Фламинго

Pink flamingo



Ақ бауыр жарқанат

Белобрюхий стрелоух

Hemp rich long-eared bat



Дуадақ

Дрофа

Creat bastard



Безгелдек

Стрепет

Little buatard

Республикамыздың үлкенді-кішілі өзендерінің экологиялық жайы сын көтермейді. Әсіресе Ертіс, Іле, Жайық, Шу; Талас, Тобыл, Нұра, Есіл, Ақсу т.б. өзендер шаруашылық пен өндірістің карындар дамуына байланысты ластанып немесе сулары тартыла бастады. Кейінгі жылдары өзен

бойындағы тогайлар мен жайылымдардың тозуы, ертке шалдығуы жи байқалып, ол фауна мен флораға кері өсерін тигізіп отыр.

Адамның іс-әрекетінің жануарлар дүниесіне тікелей және жанама өсері. Жануарлар дүниесінің кейбір түрлерінің жер бетінен құрып кетуі бір қарағанда табиғат зандылығы. Өйткені эволюциялық даму барысында бір түр жоғалып, екінші түр пайда болып отырады. Бұл құбылыстар көбінесе климаттың өзгеруіне және басқа да табиғи факторларға байланысты.

Адам баласы жануарлар дүниесін өзінің материалдық игілігін жақсарту үшін міндетті түрде пайдаланады. Сондыктан аң мен құстарды аулап, нәтижесінде, олар жойылып отырған. Ал ауыл шаруашылығының зиянкестерімен құресу жолында улы химиялық заттарды пайдаланып, кейбір организмдердің тіршілігін жойған.

Сол сияқты тірі организмдерді тікелей жоюдың ауыр түрі -мемлекетаралық соғыстар. Дүниежүзілік соғыстарда бүкіл тіршілік атаулыны жойып жіберетін қарулар қодданылды. Олар - атом бомбалары, соғыс ракеталары, жарылғыш заттар, т.б.

Бейбіт жағдайда адам баласы ірі құрылыстар, каналдар, суқоймаларын, өндіріс пен өнеркәсіп, автокөліктер, т.б. шаруашылық салаларын дамыта отырып, тірі организмдерге тікелей өсер еткен.

Адам баласының жануарлар дүниесіне жанама өсері орманды қыркуда, тың игеруде, батпактарды құртуда, суқоймасын салуда, жол құрылыстарын жөндеуде және жайылымдарды пайдалануда байқалады. Нәтижесінде, адамның іс-әрекетінен табиғи экожүйелер өзгеріп, антропогендік ландшафттарға айналады. Олардың негізгі сипаты фауна мен флораның біртіндеп жойылып, құрып кетуі. Мұндай ландшафттар Қазақстан жерінде барышылық. Олар атом полигондары болған жерлер (Семей, Нарын, Азғыр, Тайсойған, т.б.) немесе Байқоңыр ғарыш алағы, Арас өңірі, Сарышаған ракета полигоны және ашық кен орындары.

Тың жерлерді игеру мен жайылымдарды пайдалану көптеген дала құстарының тұрақты мекендерін жойып жіберсе, полигондар ірі жануарлардың табиғат тұрақтарын жойып, орын ауыстыруға, ақырында түрлі апаттарға алып барады.

Құлан сияқты тұз тағыларын қалпына келтіру үшін 1953-1964 жылдар аралығында Түркменстанның Бадхызыңынан 19 бас құлан әкелініп, Барсакелмес қорығына жерсіндірілді. Адам баласының қамқорлығына алынған тұз тағылары айналасы 50 жылдың ішінде көбейіп, есес бастады. Алматы облысының Кербұлақ ауданының құландардың жүздеген басы жіберілді. Өздерін еркін сезінген құландар жыл санап ессе түсүде.



Түркмен құланы  
Туркменский кулан  
Central asian wildass

Жануарлар дүниесін корғау және қалпына келтіру жолдары. Жануарлар дүниесін қалпына келтірудің 4 негізгі шарты бар. Олар: аулауга тыйым салу, тіршілік ортасын бұзбау, қолдан көбейтуге бейімдеу, лабораториялық жағдайда гендік қорын сақтап қалу жұмыстары.

Жануарларды сақтап қалудың ең басты жолы - адам баласының саналы жауапкершілігі, экологиялық білімі және мәдениеті. Әрбір азамат өзін тұған өлкесі мен оның байлығының иесі

регінде сезіне отырып, табиғат корғау ережелерін қатаң сактаған жағдайда болашақ ұрпақ айдандағы борышын актаған болар еді.

\* \* \*

Сельскохозяйственная экология-наука о факторах внешней среды их влиянии на организмы животных о природных комплексах преобразованных деятельностью человека для производства экологически чистой продукции животноводства.

Agriculture ecology is a science about ambient environment factors and their influence to animal organisms, about nature complexes, modified by human activity for manufacture of ecologically clean animal production.

ӘОЖ. 574:551.5(574-25)

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АУА БАССЕЙНІНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЛАСТАНУ ДЕНГЕЙІН СИПАТТАУ

Сулейменова Н.Ш., Нұрманова Д.С.

Казақ ұлттық аграрлық университеті

Еліміздің аса ірі мегаполисінің бірі миллионнан астам халқы бар Алматы қаласы. Алматының ауа бассейнінде қалыптасып отырған жағдай қоғамды ойландыратын басты мәселелеріне айналды. Алматының экологиялық проблемасы өте курделі.

Сонғы жылдары қала шекарасы тек солтүстік және оңтүстік бағытқа ғана емес, Іле Алатауының оттүстігіне қарай созыла бастады. Қала арқылы өтетін су арналары таудан бастау алады, ал мұндағы қарлы - мұзды зонада атмосфералық қалдықтардың мөлешірі тым жоғары. Соның салдарынан жылдар бойына қордаланып қалған техногендік қалдықтар қоршаған ортаға, Алматының агломерациясына кері ықпал етіп, болашақта су сапасының төменденуіне әкелетіні дәлелдеді [1,2].

Облыстың атмосфералық ауасының негізгі ластану көздері ол – жылуэнергетикалық орындар мен транспорт. Стационарлы көздерден шығатын жалпы қалдықтардың 70%-н АҚ АПК (ТЭЦ-2, ТЭЦ-3) үлестеріне тиеді. Облыстың ластауыш кәсіпорындарына Текелі энергокомплекс, Текелі ГОК, ГГКП «Талдықорғанжылсервисі», қант зауыттары, МО ҚР-н облыстық эксплуатациялық бөлімдері және т.б. кіреді [3].

Қазір Алматыда 500 мыңдан астам көлік бірлігі бар. Алайда, қаладағы автокөліктердің саны мұнан да кеп екендігіне күмән келтірмейміз. Автомобильдердің жанар-майларының жану өнімдерінен қоршаған ортаға бөлінетін көміртек, күкірт және азот оксидтерімен бірге бензиннің құрамына кіретін канцерогенді заттар, мысалы 3,4-бензапирен мен қорғасын адам ағзасына, сонымен қатар қоршаған табиги ортаға өте зиянды әсер етеді [4, 5].

Сондықтан Алматы қаласының атмосфералық ауа бассейнін экологиялық жағдайы мен ластану деңгейін анықта, зерттеу өзекті мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді шешу мақсатымен біз Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің экология кафедрасының мұғалімдер құрамы, докторанттар, магистранттар бірігіп «Ірі урбандалған территория (Алматы қаласы және Алматы маңы тұрғын жерлері) атмосферасындағы CO<sub>2</sub> концентрациясын төмендетудегі өсімдік жүйесімен және технологиясының тиімді мониторингінің ғылыми негізін жасау» тақырыбы бойынша 2008 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыста Алматы қаласының атмосфералық ауасының экологиялық жағдайы мен ластану деңгейін анықтау үшін бақылау алты стационарлы посттарда жүргізілді. Бұл алты посттарға ірі өндіріс орындары орналасқан аудандар және Алматыдағы ең көп автокөлік жүретін көшелердің қызылыстары алынды. Олар:

- пост №1 қаланың орталық бөлігінде орналаскан, К. Сатпаев көшесі мен С.Сейфуллин даңғылы қызылыстары;

- пост №2 Райымбек даңғылы мен Наурызбай батыр көшесінің қызылысы, бұл жерде автотранспорттың барлық түрлері өте көп кездеседі;